



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

13 тамыз
сенбі

№64 (1868)

2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 76-сессиясының төрағасы Абдулла Шахидпен кездесті, деп хабарлайды Президенттің баспасөз қызметі.



ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ ЖОЛЫНДА

Қасым-Жомарт Тоқаев Абдулла Шахидке илтипат білдіре отырып, Қазақстан мен БҰҰ арасындағы ықпалдастықты одан әрі кеңейту жолында оның бұл сапарының маңызды екенін атап өтті.

Президент жаһандық бейбітшілікті, қауіпсіздік және тұрақты дамуды қамтамасыз етудегі Дүниежүзілік ұйымның айрықша рөлін атап өтті. Сонымен қатар Абдулла Шахидтің БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасы лауазымындағы белсенді қызметін жоғары бағалады.

– БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-сессиясы – барша адамзат үшін ең қажетті шешімдерді ұсыну мақсатымен басшылардың сындарлы жағдайда бас қосуы үшін бірегей мүмкіндік. Біз осы маңызды іс-шараны нәтижелі өткізу үшін Сіздің қосып отырған үлесіңізді құрметтейміз, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде БҰҰ Бас Ассамблеясының 76-сессиясының төрағасы елімізге, Орталық Азияға алғаш рет келгенін айтып, Қазақстан мен БҰҰ арасындағы 30 жылдық кезеңдегі көпжоспарлы әріптестіктің деңгейіне көңілі толатынын жеткізді. Сондай-ақ Қазақстан Президентінің бастамасымен елімізде жүзеге асырылып отырған ауқымды реформаларды, Конституцияға өзгерістер енгізу бойынша өткен референдумды жоғары бағалады.

Абдулла Шахидтің айтуынша, жүзеге асырылып жатқан реформалар Қазақстанда адам құқықтарының қорғалуы мен азаматтық қоғамның дамуын жаңа сатыға көтеруге мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 13-15 қыркүйекте елордамызда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының жетінші съезі өтетініне тоқталып, Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдау көрсететініне алғыс білдірді.

Абдулла Шахид Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының жиынын маңызды алаң деп атап, съездің мәртебесін жоғары бағалады. Оның айтуынша, әлем елдерінде көп жағдайда түсінбестік адамдардың наным-сеніміне қарай кемсітуінен туындап жатады. Осы орайда БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасы діни көшбасшылардың жетінші съезінде рухани жетекшілердің әлемдік бейбітшілікті насихаттауы басты тақырып болатынына сенім білдірді.

2024: АУДАН ӘКІМДЕРІ САЙЛАНАТЫН ЖЫЛ



Алдағы уақытта «бұл қайдан келген әкім?» деген сұрақ қойылмайтын болады. Себебі ауыл әкімдері секілді, аудан әкімдерін де халық өзі сайлайды. 2024 жылы аудан әкімдерін сайлау басталады. Бұл жоспар Президенттің былтырғы Жолдауындағы тапсырмасына сәйкес пилоттық жобадан жүзеге асады.

Президент тапсырмасына сәйкес сайлау жүйесіне жаңашылдық енгізілгені белгілі. 2021 жылғы 25 мамырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Соған сәйкес ауыл әкімдерін елді мекен тұрғындары тікелей дауыс беру арқылы сайлау құқығын иеленді. Сондай-ақ бұл лауазымға тұрғындардың өзін өзі ұсынуына мүмкіндік жасалды. Бюллетеньдерде «бөріне қарсымын» деген тармақ қосылды.

Биылғы наурызда халыққа арнаған Жолдауында Президент аралас сайлау жүйесін енгізуді ұсынғаны белгілі. Мұндай пропорционалды-мажоритарлы үлгіде сайлаушылардың мүддесі ұлттық және өңірлік деңгейде толық көрініс табатыны анық. Соған сай Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасакталмақ.

«Партияда жоқ азаматтар Мәжіліске ғана емес, жергілікті өкілді органдарға да сайлана алмайды. Мұны ашық мойындауымыз керек. Соның салдарынан халықтың сайлау

науқанына қызығушылығы күрт төмендеді. Сайлауды керек қылмайтын адамдардың қатары көбейді. Олар өздерінің дауысы маңызды екеніне, ел өмірін жақсартуға ықпал ете алатынына сенбейтін болды. Ашығын айтсақ, қазір жүрт депутаттарды аса тани бермейді. Осындай жағымсыз жайттарды ескере отырып, мен аралас сайлау жүйесіне көшуді ұсынамын. Сол кезде барлық азаматтардың құқығы толық ескеріледі», – деді Мемлекет басшысы өз Жолдауында.

2 БЕТТЕ

■ КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС – ҚАЛЫПТЫ ДАМУҒА НЕГІЗ



Соңғы жылдары Қызылорда қаласының өзінде 12 шағын аудан бой көтеріп, 270 көпқабатты тұрғын үй салынған. 7000-ға жуық азамат жаңа пәтерге ие болып, қоныс тойын тойлаған. Құрылысшылар күні қарсаңында қызылордалықтар үшін тағы 3 нысанның іргетасы қаланды. Сондай-ақ Қармақшы ауданындағы Төреғам кенті және Ақай ауылында, Арал ауданындағы Сексеуіл кентінде ауыл ішлік газ құбырын тарту және Шиеді ауданына қарасты Тартоғай елді мекенінде автоматтандырылған газ тарату стансасының құрылысы басталды.

2 БЕТТЕ

■ 12 ТАМЫЗ – ЖАСТАР КҮНІ

Халықаралық жастар күніне орай қала әкімі Асылбек Шәменов жастармен кездесті.



ЖАСТАР ҚОҒАММЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА БОЛУ КЕРЕК

«Qosy!» жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «BIZDIN UAQYT» тақырыбында еркін форматта өткен кездесуде жастарды толғандырған мәселелер айтылды.

Қала әкімі алдымен жастар орталығының жұмыс барысымен танысты. «Qosy!» жастар ресурстық орталығының директоры Әліби Басаров жастардың бірлесіп атқарып жатқан жобаларымен таныстырып, алдағы атқарылар шараларды атап өтті.

2 БЕТТЕ

ӘБІГЕР

ӘЛЕМ



«ТАЙВАНЬ ТЕКЕТИРЕСКЕ ДАЙЫН»

АҚШ палатасының спикері ресми іс-сапармен Тайваньға барған тұста Қытайдың аралға көрсеткен қоқан-лоқысы күшейді. Қытай әскерилері бірден әскери дайындығын бастап, Тайваньға қоқан-лоқы көрсетті. Осы тұста Тайваньның сыртқы істер министрі барлық текетіреске дайын екенін айтты. Бұл туралы CNN арнасында Уилл Рипли, Эрик Чунг пен Симона Маккартидің «Біз қорықпаймыз»: Тайваньның сыртқы істер министрі Қытайдың кез келген қатеріне шыдай алатынын айтты» тақырыбында мақала жарық көрді.



Тайваньның сыртқы істер министрі Джозеф Ву дүйсенбіде CNN арнасына берген сұхбатында Қытайдың Тайваньға төніп тұрған қауіп бұрынғыдан да артқанын, бірақ арал өзінің бостандығы мен демократиясын сақтап қалу үшін барлығына дайын екенін айтты.

Джозеф Ву мұны Қытай кейін өзін-өзі басқаратын аралдың айналасында әскери жаттығуларды жалғастыратынын мәлімдегенде айтты.

«Қытай Тайваньға бірнеше жыл бойы қауіп төндіруде және соңғы уақытта бұл қарсылық одан сайын артты. Пелоси Тайваньға келсе де, келмесе де Қытай қарсылығы жалғасар еді», – деді сыртқы істер министрі. Оның сөзінше, Тайвань Қытайдың басқыншылық саясатына жол бермеу үшін әдейі шетелдік дипломаттарды қабылдайды. «Тайвань Қытайға қай жағынан қараса да бағынбайды. Біз бұған қарсымыз және бізді қолдайтындарды құшақ жая қарсы аламыз», – деді ол.

Жалпы спикер Пелосидің Тайваньға сапарына Қытай қабақ шытып, үлкен қауіп төндірді. Тайваньді өзінің басқаруындағы арал деп білетін Қытай бұл сапардан кейін экономикалық санкцияны да, қарулы қауіпті де көбейтті. Әскери дайындық кезінде авиа және зымыран соққыларын пысықтаған Қытай қарулы күштерінің бұл ісін тайваньдік билік «Бізге қарсы дайындық» деп түсінді. Негізінен жексенбіде аяқталуы тиіс әскери дайындық дүйсенбі күні де жалғасын тауып, қытайлық әскерлер зымырандарды сынақтан өткізді. Мұны барлығы қақтығысқа дайындық деп қабылдағанымен Тайвань халқы жайбаракат өмірінен бас тартқан жоқ, елде халық емін-еркін жүрді.

«Бізге Қытай соғыс бастайды деген қауіп пен күдік бар, әрине. Бірақ дәл қазір Қытай бізге тек қоқан-лоқы көрсетіп отыр. Ал біз бұған қарсы тұрып, қорықпайтынымызды көрсетіміз керек», – дейді Ву.

Сыртқы істер министрі Пелосидің сапары туралы да айтты. Көбіне бұл шенеуніктің ресми сапары қауіпке толы болғандықтан Тайвань соңғы сәтке дейін оның қашан келетінін білмеген. «Біздің оның сапары кезіндегі маршрут болса да, Пелосидің ұшағы қашан келіп қонатынын білмедік», – деді ол.

Спикер мен конгресс делегациясы ресми сапарында Тайвань заң шығарушы органына және Тайвань президенті Цай Ин-вэньнің кеңсесіне барды. Мұнда Пелоси Америка Тайваньмен бірге екенін ашық айтпау келгенін жеткізді.

Арна тілшілері СИМ-нен Америка бұл іс-сапардан кейін қолдауды күшейте ме деп сұрағанда министр «Америка бізді қашанда қолдап келеді. Ал қазіргі қолдауы ең жоғарғы деңгейдегілердің бірі» деп жауап берді.

Өткен жылдың қазан айында CNN-ге берген эксклюзивті сұхбатында Тайвань президенті Цай Инвэнь Тайваньда бірнеше АҚШ әскери нұсқаушысы бар екенін растады. Бұл Вашингтон мен Тайбэй 1979 жылы дипломатиялық байланысты үзгеннен бергі Тайвань басшысының алғаш рет Амеотқа қолдауын мойындауы еді.

Бірақ американдық қолдау туралы түсінік Бейжіңнің наразылығын одан сайын арттырды. Қытай сыртқы істер министрлігі Пелоси келгеннен кейін оның сапары «Қытай-АҚШ қарым-қатынасының саяси негізіне елеулі әсер етеді және бүкіл әлемдегі тұрақтылыққа, бейбітшілікке нұқсан келтіреді» деген мәлімдеме жасады. Пекин Пелоси келгеннен кейін көп ұзамай Тайвань аралының айналасындағы алты аймақта ауқымды әскери жаттығулар басталғанын жариялады.

Тайвань мен Қытай 70 жылдан астам уақыт бұрын жеңілген ұлтшылдар Тайбэйге қашқан азаматтық соғыс аяқталғаннан бері бөлек басқарылып келеді. Тайвань 1990 жылдары авторитарлық басқарудан демократияға көшті және қазіргі уақытта АҚШ-та орналасқан «Freedom House» коммерциялық емес ұйымының рейтингінде Азиядағы ең еркін юрисдикциялардың бірі болып табылады.

Ал Қытай басшысы Си Цзиньпин соңғы уақытта билігін күшейтіп, қажет жағдайда «күшпен» Тайваньді қол астына алуға дайын екенін ашық білдіріп келеді.

Тайвань Қорғаныс министрлігінің хабарлауынша, Қытайдың ондаған әскери ұшағы бейсенбі мен жексенбіде «орта сызықты» кесіп өткен. Бейресми медиандық сызық Тайвань бұғазында ондаған жылдар бойы тыныштықты сақтағанымен, Қытай қазір бұл «шекаралық аймақты» жоққа шығарды. Бу Қытай басшыларының Тайваньды басып алу үшін күш қолдану туралы «шешім қабылдағаны» туралы ештеңе білмейтінін, бірақ Тайвань бірнеше түрлі сценарийді қарастырғанын айтты. «Біз үшін маңыздысы – дайын болуымыз. Біз бұл жердегі бостандық пен демократияны қорғағымыз келеді. Оны бізден ешкім тартып ала алмайды», – деді ол.

4 БЕТТЕ

COVID-19: ЖҰҚТЫРУ ДЕРЕГІ АЗАЙДЫ

Аймақта коронавирус инфекциясының таралу дерегі бойынша соңғы тәулікте 34 жағдай тіркелді. Оның 22-і вирус симптомымен, 12-і симптомсыз анықталған.

Вирус жұқтыру дерегі бойынша қалада – 20 адам, Арал ауданы – 2, Шиеді – 4, Сырдария – 1, Қармақшы – 4, Жаңақорған ауданында – 3 адам тіркелген.

Соңғы тәулікте вирусты жұқтыру дерегі азайған. Десе де бейкам жүруге де болмайды. Мамандар вакцинация мен ревакцинация жасатуда дұрыс тандау жасау керектігін айтады. Сондай-ақ вирус жұқтырудан балаларды сақтау қажет. Соңғы дерекке сүйенсек, 14 жағдай балалар арасында болып отыр.

COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі БАҚ баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, Қазақстанда 2186 адам коронавирус инфекциясынан жазылып шыққан. Оның ішінде Қызылорда облысында 31 адам қауіпті дерттен айыққан.



ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС – ҚАЛЫПТЫ ДАМУҒА НЕГІЗ

Енді Сыр өңірінде отбасылық өмірге қадам жасаған жастар заманауи үлгідегі неке сарайында отбасы атанады.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жас жұбайлардың киелі шаңырағына айналатын «Неке сарайының» халықаралық жастар күні аясында бой көтеруінің символикалық мәні бар делі.

— Бір қуантарлығы, аймағымызда демографиялық өсім жылдан-жылға жақсарып, шаңырақ көтерген жастардың қатары артып келеді. Биылғы жылдың 6 айында 2276 жұп некеге тұрып, отбасылық өмірге қадам басты. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Бақытты әрі берік шаңырақ — еліміздің игілігі мен өркендеуінің кепілі. Мықты отбасы — мықты мемлекет» деп отбасы құндылығының маңызды екенін жеткізді. Келешекте неке сарайында отбасы құндылықтарын дәріптейтін әлеуметтік-мәдени іс-шаралар да тұрақты түрде өткізілетін болады, — деді облыс әкімі.



лығын арттыруға мүмкіндік бермек.

Сондай-ақ сол жағалауда қасбеттері заманауи талаптарға сай келетін 7-9 қабатты тұрғын үй,

тартылды. Осы игілікті істердің нәтижесінде бүгін бірнеше нысанның іргетасын қалау рәсіміне жерлеріміз куә болды, — деді облыс басшысы.



Сыр еліндей жыр кеніне айналған өңірлі өлкеде 1000 келушіге арналған жаңа өнер сарайының алғашқы кірпіші қаланды. Құны 3,7 млрд теңгені құрайтын екі қабатты өнер сарайының құрылысы бір жарым жылда салынып бітеді. Ғимаратта симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар мен түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізіледі.

Сырдың сол жағалауында тағы бір әлеуметтік нысанның іргетасы қаланды. Құны 2,7 млрд теңгені құрайтын «Қан орталығы» жылына қан мен оның компоненттерін донациялау көрсеткішін 500-ден 10 мыңға дейінгі жеткізеді. Орталық өңір халқына сапалы қызмет көрсетіп, тұрғындардың денсау-

физика-математикалық мектеп ғимараты бой көтермек. Балалар жылына тарту ретінде Оқушылар сарайы салынады.

Аймақ басшысы аз уақыттың ішінде өңірге қомақты инвестиция тартылып, демеушілер есебінен жаңа жобаларды бастауға мүмкіндік болғанын жеткізді.

— Біз әрдайым жерлеріміздің талап-тілектерін, ұсыныстарын ескеруге дайынбыз. Облыс әкімі қызметіне тағайындалғаннан бастап, халықпен кездескен әр сәтте аймақта заманауи сәулеттік үлгідегі жаңа нысандарды салуға уәде еттік. Туған жердің дамуына шынайы жанашырлықпен қарайтын меценат азаматтарды ортақ іске біріктіріп, құны 45 млрд теңгені құрайтын, 391 нысанға жоба әзірледік. Келесі жылдан бастап бұл жобалар іске аса бастайды. Аз уақыттың ішінде, өңірге 20 млрд теңге инвестиция

Аймақта Болат Өтемұратов қорымен бірге 11 млрд теңгені құрайтын заманауи жолаушылар терминалының құрылысы басталып, 2024 жылы ел игілігіне берілемек. Сондай-ақ қуаттылығы 240 мегаваттқа жететін жаңа жылу электр станциясын салынады.

Қаладағы шағын ауданның бірі — «Бәйтеректе» жаңа су жинағыш құрылғы құрылысын бастау рәсімі де өтті.

Құны 1 млрд теңгеден астам жоба «Бәйтерек» тұрғын ауданында орналасқан жеке тұрғын үйлерді тұрақты қысымда сапалы ауыз сумен қамтуға мүмкіндік береді. Жоба аясында 7 дана ұңғыма бұрғыланып, 3 дана резервуар салынатын болады.

«Ақмешіт-ақпарат»

Суреттерді түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

2024: АУДАН ӘКІМДЕРІ САЙЛАНАТЫН ЖЫЛ



Сонымен қатар Мемлекет басшысы аудан әкімдерін сайлау процесін жеделдету қажет екенін және «Аманат» партиясы белсенді түрде қатысу керекін атап өтті.

«Алдағы уақытта біз аудан әкімдерін сайлаймыз. Менің ойымша, аудан әкімдерін сайлауды ұзаққа созудың керекі жоқ. Бұл процесті жеделдету қажет. Осы сайлауға партия лайықты кандидаттарды ұсыну арқылы белсенді түрде қатысады», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жаңа Қазақстанды құруға өзгеріс енгізіп, аяқ басқан еліміздің алғашқы қадамы осы болмақ. Орталық Азия елдері ішінде Қазақстан Республикасы аудан мен ауыл әкімдерін сайлау құқын халықтың өзіне тапсырған алғашқы мемлекет болып есептелді. Аталған саяси пилоттық жоба билік пен халықтың арасын жақындата ала ма? Осы сұраққа жауап алу мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының доценті, саясаттанушы Ербол Өбеновті әңгімеге тартқан едік.

АУДАН ӘКІМДЕРІ САЙЛАУ АШЫҚ ҚОҒАМҒА НЕГІЗ БЕ?

Саясаттанушыға алғашқы қойған сұрағымыз осы болды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтар қасіретінің салдарынан қоғамда саяси-экономикалық реформаларды іске асыруды жүзеге асыру мақсатында «Жаңа Қазақстан» құру туралы бастама көтерді.

Президенттің бұл бастамасы қоғамда кеңінен қолдау тапты. Саяси саладағы реформалар демократиялық дамуға жетелейтін біздің бағыт-бағдарларымызды бекемдей түсетіні анық. Сонымен қатар саяси жүйені қайта түлетіп, мемлекетті басқару істеріне азаматтардың белсенді түрде қатысуына ықпал етеді.

Қазақстан қоғамын жанартудың маңызды факторларының бірі — жергілікті өзін-өзі басқару істерін реформалау болып саналады. Ал жергілікті өзін-өзі басқару істеріндегі алғашқы қажетті маңызды шара әкімшілік-аймақ бірліктері басшыларының халықтың сайлауы арқылы анықталып, қызмет жасау үдерісі. Бұл мемлекеттің ішіндегі саяси биліктің орталықсыздандырылуы болып табылады. Міне, бұл ашық қоғамға бағытталатын еліміздің алғашқы демократиялық қадамы бола алады деп санаймын. Бұл — барлық дамыған елдердегі қалыптасқан дәстүр, — дейді ғалым.

Бұл жүйенің қаншалықты өзгеріс

әкелетінін ешкім дөп басып айта алмайды. Дегенмен саясаттанушы Ербол Өбеновтің пікірінше, қазіргі қоғамдық өмірде, атап айтқанда азаматтардың тұрмысын, коммуналдық қызметтер, жеке бас қауіпсіздігі, әлеуметтік қорғау және басқа да аймақ кеңістігіндегі ауыл тұрғындарының отыз жыл бойы жинақталған мәселелерін шешу мен жолға қоюда, тек мемлекет ұйымдарының қауқарының жетпейтіні белгілі. Сондықтан осы жүйе арқылы, яғни халық сайлаған аудан әкімдеріне аудан көлемінде атқаратын ерекше өкілеттіліктер мен күзіреттіліктер берілуі қажет. Жергілікті өзін-өзі басқару демократиялық басқарудың маңызды шартының бірі ретінде мемлекетті жергілікті маңыздағы мыңдаған мәселеден бастады. Осындай жағдайда ғана, қоғамдағы азаматтардың сұраныстары қанағаттандырылып, қоғамда өзгерістер болады.

Атап айтқанда, азаматтардың талап-тілектерін, мұқтаждықтарын жоғары билік ұйымдары арқылы емес, жергілікті аудан әкімшілігінің ұйымдары арқылы шешуге мүмкіндік туады. Сонымен қатар бұрыннан қордаланған проблемаларды ауданның жергілікті ұйымдары өздері шешуге қол жеткізеді.

Қалай болса да жергілікті өзін-өзі басқару тәжірибесі арқылы әкімшілік-аймақтық бірліктердегі басшылардың халықтың сайлауы демократиялық үрдіс ретінде тұтас қоғамдық-саяси өмірге енгізілуі қажет.

АУДАН ӘКІМДЕРІ САЙЛАУҒА ХАЛЫҚ ДАЙЫН БА?

Аудан әкімдерін сайлау халық үшін тиімді болуы мүмкін. Бірақ рушылдық, тамыр-таныстық деген бар ғой. Бұл сұраққа саясаттанушы былай жауап берді.

— Қоғамдағы соңғы жылдардағы саяси-экономикалық дағдарыстары, әсіресе биылғы қаңтар оқиғасы нәтижесінде халықтың саяси сана-сы біршама жоғары көтерілген сияқты. Сондықтан халық қоғамның

мүмкіндік деген тоқтамға келуге болады. Дегенмен халық тұрмысын жақсарту үшін қандай да бір өзгеріс қажет болса, сайлаудың әділ өтуі маңызды. Ол халыққа да байланысты. Руласын, туысын тағайындамай, елге шын жаны ашатын азаматты таңдау қажет. Ол үшін сайлауға түсетін кандидатқа туысым, бауырым да қарамау керек.

Сайлау дегеніміз — халықтың үні, халықтың пікірі. Демек әділ қоғам құрудың алғышарты мен іргетасы осы аудан әкімдерін сайлаудан бастау алары анық. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» идеясының басты ұстанымы да осы.

Айтқолқын АЙТЖАНОВА

ЖАСТАР ҚОҒАММЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА БОЛУ КЕРЕК

Мұнда түрлі форматта үйірмелер бар. Сонымен қатар жастардың уақыттарын тиімді өткізулеріне орай үстел теннисі, кітап бұрышы қарастырылған. Сондай-ақ семинар-тренингтер тұрақты өткізіліп тұрады.

Қала басшысы жастармен кездесуінде олардың мүмкіндіктері зор екенін айта келіп, мемлекет тарапынан көрсетілген қолдауды тиімді пайдалану керектігін жеткізді.

— Жастар — біздің болашағымыз. Ел ертені білімді де талантты жастармен көркейе бермек. Халқымызда «Асыл тастан шығады, ақыл жастан шығады» деп бекер айтылған. Сіздердің әрбірлеріңізде үлкен қуатты ойлар болуы бек мүмкін. Ал сол өзекті ойлар қоғамдық ұйымдармен келілі кездесулерде іске асады. Шығармашыл жастарды қолдау



мақсатында қала әкімінің «Самғау» жастар сыйлығы табысталып келеді. Кәсіпкерлікпен айналысып, қайтарымсыз грантка қол жеткізіп отырған жастардың бары да бізді қуантады. Жастарға бағытталған бағдарламалар жалғасын таба бермек, — деді қала әкімі.

Кездесуде жастар ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Қала әкімі айтылған ұтымды ұсыныстар мемлекет қолдауы негізінде реттілігімен іске асатынын айтты. Шара соңында бірақтар белсенді жасқа қала әкімінің алғыс хаты берілді.

Т.БЕКМЫРЗАЕВ

ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Қазіргі таңда мемлекеттік мекемелерде мемлекеттік қызмет көрсету, ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігінің 2015 жылғы 21 мамырдағы «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары және олардың бланкілеріне қойылатын талаптар туралы» №7-1/453 санды бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары негізінде ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясы ветеринария саласы бойынша мемлекеттік қызметті жүзеге асыруда. Соның бірі — экспортқа шығатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге (жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер, құс, құс өнімдері, малдың жем-шөптері, т.б.) ветеринариялық сертификат беру қала аумағындағы эпизоотиялық жағдайды ескере отырып, орны ауыстырылатын объектілердің экспортты бойынша мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет алушы жеке және заңды тұлғалар өз өтініштерін жеке кабинеттері немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы беруге болады. Аумақтық бөлімшенің кеңесінде өтінішті қабылданғаннан растау күні, уақыты (сағаты, минуты) көрсетіледі, оның көшірмесіне тіркеу туралы белгі қойылады, ал портал арқылы келген өтінішке қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жолданады.

Экспортқа шығатын орны ауыстырылатын объектілерге ветеринариялық сертификат берудегі мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

- Көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетушіге немесе порталға құжаттар топтамасын тапсырған күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні;
- Мемлекеттік қызмет көрсетуші маман құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде алынған құжаттардың толықтығын тексереді. Егер де берген құжаттар топтамасы толық болмаса немесе дұрыс болмаса мемлекеттік қызмет көрсетуші өтінішті әрі қарай қараудан жазбаша дәлелді түрде бас тартады. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны — электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде беріледі

Егер мемлекеттік қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуші мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетіне» ветеринариялық сертификатты алу орнын, күні мен уақытын көрсетіп, хабарламаны мемлекеттік қызмет көрсетушінің уәкілетті адамы электрондық цифрлық қолтаңбасымен қуалаңдырылған электрондық құжат нысанын жолдайды.

Мемлекеттік мекеменің жұмыс кестесі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда дүйсенбі-жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді. Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру түскі үзілісті қоспағанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету алдын ала жазылусыз және жеделдетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті алушы, не оның өкілі мынандай құжаттарды:

- Қазақстан Республикасы ішінде немесе экспортқа жіберілетін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру жөнінде өтініш;
- Жеке басын куәландыратын немесе өкілеттігін растайтын құжат (салыстырып тексеру үшін);
- Жануарлардан алынған өнімдер мен шикізаттарды тасымалдау кезінде мемлекеттік ветеринариялық зертхана берген сараптама актісінің (сынақ хаттама) көшірмесі;
- Иттер мен мысықтарды тасымалдаған кезде ветеринариялық паспорт көшірмесі;
- Ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төлегендігі жөнінде құжат тапсырады.
- ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі 54 «А» ғимаратта орналасқан.

Б.НУРМАНОВ,
ҚР АШМ ВБЖҚК-нің Қызылорда қалалық аумақтық инспекция бас маманы

Басы 1-бетте

Басы 1-бетте

■ 10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ

Абай күніне орай еліміздің барлық өңірінде мәдени-әдеби іс шаралар өткізілді. Ұлы ақынға арналған ұлағатты кеш Сыр өңірінде ұйымдастырылды. Тасбөгет кентіндегі С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Тұңғыш Президент» саябағында өткен шараға жас өнерпаздар қатысты.

АБАЙ ДАНА, АБАЙ ДАРА ҚАЗАҚТА...

Шараның негізгі мақсаты – қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өмір жолы мен шығармашылығын таныту, жастарды адамгершілікке тәрбиелеу, Абай хакімінің даналығын, рухани асыл мұраларын насихаттау, құрмет ету болып табылады. «Әнді сүйсен, менше сүйі» тақырыбындағы тағылымды шараның маңызы жоғары.

Шара барысында «Дана Абай» тақырыптық қойылымы сахналанды. Сонымен қатар хакім Абайдың «Сегіз аяқ», «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Өзгеге көңілім тоярын» әндері шырылып, ұлы ақын тудырған өміршең өлең қайта қанаттанғандай әсер сыйлады.

Кеш барысында «Шабыт» көркемсөз үйірмесінің өнерпаздары Сүйінбай Жұмаділлаев, Совет Виолетта, Совет Сезім, Жаншұрай Орынтай секілді жас өнерпаздар ақынның «Ескендір» поэмасынан үзінді оқып, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

– Ұлы Абай – қазақ халқының руханияты мен мәдениетінің символы. Оның ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты, ал даналығы қазіргі заманмен үндес. Абай шығармашылығымен танысу сананы оятап, ойға ой қосады, жаңа көңіл күй мен сезімге бөлейді, асыл армандарға жетелейді. «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні» сияқты «ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымызды, бойымызда мәңгі сақталып келеді. Абай ізінің кіршіксіз ақ жүрегін тербеткен сансыз ойларын тамаша шығармалары мен жалынды жырларын жас өнерпаздардың сахнада орындауы ұлы ақынның өміршеңдігін дәлелдеп тұрғандай сезім сыйлауда, – дейді қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов бізбен әңгімесінде.

Т.ШАЙДУЛЛАҰЛЫ

■ СҰХБАТ

ТІЛ ҮШІН КҮРЕС – КҮРЕСТЕРДІҢ ҰЛЫСЫ



– Мартана Қонысбекқызы, еліміздің ұлы құндылығының бірі – ана тіл. Осы қастерлі құндылықты дәріптеу жолында есепті еңбек атқарып келе жатқан тілдерді оқыту орталығы туралы айтып берсеңіз. Бұл – мекеме қашан ашылды, қалай құрылды?

– Иә, бүгінде тіл мәселесі – күн тәртібінен түспейтін өзекті тақырыптың бірі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы мақсат-міндеттерді жүзеге асыру жұмыстарының басым бөлігі тілдерді оқыту орталықтарына жүктеліп отыр. Ең алғаш орталық 2008 жылдың маусым айында Қызылорда облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасына қарасты «Тілдерді оқытудың өңірлік орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып құрылған болатын. Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылғы 30 маусымдағы №509 қаулысына сәйкес Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылды. Орталықта қазіргі таңда барлығы 35 адам, (оның ішінде 21 штат аудандарда) жұмыс істейді. Орталықтың негізгі мақсаты – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғырту, тіл мәдениетін одан әрі арттыру және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу. Орталық мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында қабылданатын мемлекеттік бағдарламаларды, іс-шаралар жоспарын іске асыруға қатысады, тілдерді меңгеру бойынша нысаналы индикаторлар мен нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізу бағытында ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Елімізде болып жатқан саяси өзгерістерге, оның ішінде мемлекеттік тіл мәселесі бойынша және алдағы уақытта қолданысқа енгізілетін жаңа әліпбиге байланысты орталықтың жұмыс ауқымы кеңейтін болады.

– Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мен оның қолданылу аясын кеңейту мақсатында қандай іс-шаралар атқарылууда?

– Орталықтың негізгі миссиясы ересек тұрғындарға тілдерді оқытып-үйрету болып табылады. Орталықта қазақ, ағылшын және орыс тілдері курстары жүргізіледі. Бүгінде әлем тілі саналатын ағылшын тіліне деген сұраныс өте көп. Әсіресе, магистратура мен «Болашақ» стипендиясы бойынша білім алуға үміткерлер ағылшын тілі деңгейін көтеру үшін көптеп келеді. 2022 жылдың I жартыжылдығы бойынша орталық арқылы барлығы 1216 адам, оның ішінде 411 адам – мемлекеттік тіл, 227 адам – орыс тілі және 578 адам ағылшын тілі курстарынан өтті. Сонымен қатар орталық тілдерді дамыту, оның ішінде қазақ тілінің деңгейін көтеріп, қолданыс аясын кеңейту бағытында түрлі форматта іс-шаралар ұйымдастырып тұрады. Қазіргі уақытқа дейін 20-ға жуық іс-шараға 300-ден аса адам қамтылып, орталықтың кітап қорынан 25 мекемеге әдістемелік көмек ретінде 1 839 кітап таратылды.

Биыл ұлт ұстазы, ұлы реформатор, тіл білімінің ата-сы – Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Қызылорда қаласының шекара қызметі мекемесінің қызметкерлеріне «Хаңның айшықты ойлары» тақырыбында диктант жұмысы, өңірдегі зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен қоғам белсенділерінің қатысуымен «Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы және қазақ жазуы» тақырыбында ашық сұхбат алаңы, тіл мамандарының қатысуымен «Әдістеме әлемі» тақырыбында облыстық семинар, «Аханның айшықты ойлары» атты облыстық челлендж, мемлекеттік тіл оқытушылары арасында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Үздік оқытушы» облыстық байқауы өтті. Орталықтың әлеуметтік парақшасы арқылы «Қатесіз жаз!»», «Сауаттылық әліппесі», «Сөзтүзер» ақпараттық айдарлары тұрақты жүргізіліп келеді.

– Тіл үйрету мәселесінде этномәдени орталықтарының қызметкерлерімен байланыс бар ма?

– Облыстық Қазақстан халқы ассамблеясымен әріптестік байланыстамыз. Этнос өкілдерінің мемлекеттік тілге құрметін арттыру, қазақ тілін еркін меңгерген этнос жастарын ынталандыру және тілдерді дамыту бағытында бірлескен шаралар ұйымдастырылып келеді. Сонымен қатар орталық тарапынан әдістемелік көмектер көрсетіліп тұрады.

– Көшедегі жарнамалар мен қоғамдық орындардағы қате аудармаларға тіл орталығының құзыреттілігі қандай?

– Бұл бағыттағы жұмыстарға орталықтың қандай да бір құзыреті бар деп айта алмаймын. Алайда, қате жазылған жарнамалар мен ақпараттарды анықтап, әдістемелік көмек көрсетіп тұрамыз. Орталық оқытушыларымен Қызылорда қаласы және аудан орталықтары көшелерінде ілінген билбордтардағы көрнекі ақпараттардың орфографиялық, стильді жағынан дұрыс жазылуын тексеру мақсатында тұрақты түрде рейд жүргізіліп тұрады. I жартыжылдық бойынша 4 рейд ұйымдастырылып, 30-дан аса кемшілік анықталды. Қазіргі таңда мейрамхана, дәмхана, асханалардағы ас мәзірінің қазақ тілінде жазылуына әдістемелік құрал дайындап, жеке кәсіп иелеріне ұсынуды жоспарлап отырмыз.

– Тіліміздің мемлекеттік мекемелерде қолданылуына қатысты сын әлі де баршылық. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға байланысты қандай жұмыстар жасалып жатыр?

– Дұрыс айтасыз, сын бұрын да болған, қазақ тілінің қоғамдағы рөлі күшеймей, бола да береді. Ұлттың ұлт болып сақталуы үшін ең бірінші – тілімізді жоғалтпауымыз керек. «Тіл үшін күрес – күрестердің ұлысы» демекші, құлдық сана өзгермей, бұл күрес ешқашан тоқтамақ емес. Ең алдымен, кез келген жүрегі «елім, жерім, тілім» деп соғатын жанашыр азамат қазақ тілінің жер бетінен жоғалып бара жатқан тілдер қатарына түспеуіне барынша үлесін қосуы тиіс. Халықаралық тілдер қатарына кірмесе де, қазақ тілінің мемлекет ішінде маңызды бір ғана тіл ретінде орнығуына, оның ғылым тіліне айналуына атсалысуымыз керек. Бұл күр сөзбен емес, іспен жүзеге асса деймін. Орталықтың алдағы жоспарында әртүрлі салада қате қолданыста жүрген, аудармасы дұрыс берілмеген терминдерді зерттеп, оны тіл мамандарының талқысына салып, Терминология комиссиясына дұрыс нұсқасына ұсыныстар беруді, сондай-ақ өңірдегі зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, тіл мамандары, сөздің мәйегін тамызатын жыршы-термешілер, журналистер, блогерлер және сөзі өтімді, өзіндік пікірі бар қоғам белсенділерінің басын қосып, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейту бағытында не істеуге болатынын, ашы да болса шындықты ортаға салатын ашық пікір алаңдарын ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Осы орайда, бәріміздің мақсатымыз бір, тек даңғаз-шұсыз ойымызды бір арнаға тоғыстырып, бірлесе жұмыс жасасақ деген ниет. Орталықтың ұйымдастыруымен мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлерге іс қағаздарының дұрыс жазылуы мен толтырылуы бойынша арнайы оқыту курстары жүргізіліп, курсты жақсы көрсеткішпен аяқтаған тыңдаушыларға сертификат табысталады. Сондай-ақ жұмыс барысында тілге байланысты туындаған сұрақтарына, аудармамен де әдістемелік көмектер көрсетіліп тұрады. Қай уақытта хабарласса да, оқытушылар әрдайым көмек қолын сөзге дайын.

– Қазақ тілін дамытуда тағы қандай қиындықтар бар?

– Бұрын да айтылған мәселе – бұл жастар тілі немесе әлеуметтік желідегі қазақ тілі. Қазір ақпараттық технология дамыған заманда әлеуметтік желі, мессенджер, ең көп қолданыстағы ватсап желісінде қазақ тілінде қате, сауатсыз жазу. Бұл адамдарды білімсіз деу емес, тек асығыс немесе қысқаша жазу барысында тіліміздің шұрайы жоғалып, сөздер қысқарып барады. Кейде не жазылғанын жобалап түсініп жатамыз. Әдеби нормада сөйлеу де назардан тыс қалып барады. Тіл тазалығын сақтап, жазу стилін жоғалтпауымыз керек. Әйтпесе бұл дағды қалыптасып қалып, жазу сауатсыздығына итермелейді. Бұл да – тілге төнген қатердің бірі.

– Толайым істер атқарылған жерде жетістіктер де көп болатыны анық. Осы тұрғыда орталықтың жетістіктеріне тоқталсаңыз...

– Биылғы біздің үлкен жетістігіміз облыстық «Үздік оқытушы» байқауының жеңімпазы, орталықтың мемлекеттік тіл оқытушысы, филология ғылымдарының магистрі, ізденімпаз жас маманымыз Орынбаева Алтынай Романқызы шілдеде Тараз қаласында өткен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы оқытушылар арасындағы республикалық байқауда бас жүлде иеленді. Бұл біздің орталық болып құрылғалы оқытушыларымыздың қол жеткізген ең үлкен жетістігі десек те болады.

– Өңіміңізге рақмет.

Сұхбаттасқан Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Аптаның сәрсенбі күнін мұражайға арнадым. Қазір кітапхана мен мұражайға баратындар көп емес. Өзімді рухани тұрғыда дамыту және газетке мұражайдың жұмысы жөнінде мақала жазу мақсатым еді. Хош, сонымен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану мұражайына бағыт алдым.

МҰРАЖАЙДАҒЫ БІР КҮН

Мұражай қызметкерлері үлкен ілтипатпен қарсы алды. Жан дүниенді байытатын ғимарат ішінен жайлылық сезіледі. Мұнда Сырдың сырлы жәдігерлері сақталған. Адамның рухани дамуының бірден-бір мүмкіндігі өмір музыкасын, халық тағдырын бейнелейтін мұражай екені белгілі.

Кеше мен бүгінгінің айшықты тұстарын жаңғыртып, олардан белгі болып қалған жәдігерлерді сақтап, ұрпаққа жеткізіп отырған мұражайдың өзіндік тарихы бар.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі 1939 жылдың 7 ақпанында құрылған. Алғашқы жылдары өз жұмысын өлке тарихы мен табиғатын зерттеуден бастаған мұражай тұрағы 1890-1896 жылы салынған Перовск Қазан – Богородтық шіркеуі орналасқан ғимаратта болған. Ал 1980 жылы облыстық атқару комитетінің шешімі бойынша мұражайға екі қабатты үй бөлінді де, 1985 жылдың 7 мамырында өз жұмысын бастаған. Қазіргі орналасқан ғимарат 1953 жылы салынған қаламызды көркейтіп тұрған архитектуралық ескерткіштің бірі.

Облыстық мұражай құрамында аудандық өңірлерде 11 филиал және мұражай жаңында «Ақмешіт» музейі мен С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы жұмыс істейді. Мұражай қорында 64342 экспонат сақталса, оның 5000-ға жуығы мұражай залдарында орналасқан.

– Мұражайға санаулы сағатқа бас сұққан адам туған жерінің тағылымды тарихынан мағлұматтар алып, рухани тұрғыда жаңғыра түсері анық. Өйткені тұтас бір ұлттың рухани келбетін, өнері мен өркениетін, ғасырлар шежіресін жан-жақты зерттеп, дәріптейтін құнды жәдігерлердің құтты мекені екені анық. Біздің мұражайда одан бөлек түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Мәселен, өңірдің тарихын насихаттау мақсатында «Тарихи тұлғалар», «Бұл үйде кім тұрған?», «Сіз білесіз бе?», «Музей энциклопедиясы», «Жәдігерді тауып көр», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жүзеге асты. Сонымен қатар Сыр өңірінің қасиетті нысандарын насихаттау мақсатында «Музей тур», жергілікті «Quyzulorda» телеарнасымен бірлескен «Құнды жәдігер» тележобасы, өңірдің этнографиясы мен археологиясынан, өлке тарихынан мағлұмат беретін «подкаст» қосымшасы негізінде аудио форматта «Музей радиосы» музейлік жобалары, «Жас өлкетанушы» жобалары жүзеге асырылуда.

Тағы бір айта кетерлігі, «Айтыстың ақтангері», үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов жеңіп алған «Алтын домбыра»

облыстық музейдің «Мәдениет және өнер» залының төрінен орын алып, облыс музейінің қоры құнды экспонатпен толықты. Мұражайға келушілер Алтын домбыраға қызығып жатады. Мұның өзі болашақ ұрпаққа тарих болып қалары анық. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында Алаш көсемі Ә.Бөкейхановтың 155 жылдығына орай «Алаш рухы және Тәуелсіздік» атты республикалық онлайн конференция, көрнекті археолог Виктор Фёдорович Зайберттің «Ұлы даланың жеті қыры: Ботай мәдениеті» атты ашық дәріс-семинары, Көкшетау қаласы Қазақстанның мәдени астанасы болып жариялануына байланысты республикалық музейлер арасында Иманжүсіп Құтпанұлына арналған «Алаштың алып тұлғасы» атты республикалық онлайн конференциялар ұйымдастырылды. Күрішісі, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың туғанына 130 жыл толуын атап өту мақсатындағы шаралар Шиелі ауданында «Ақ күріштен тау тұрғындар нар тұлға» атты мәдени шарадан бастау алып, С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында «Ақ күріштің атасы – Ыбырай» және Жамбыл облысы, Мойынқұм аудандық Ж.Қуанышбаев атындағы музейінде «Даңғайыр диқан елінде» атты тарихи-танымдық көрмелермен жалғасын тапты. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жыл сайын мәдениет және өнер саласы ұйымдары мен қызметкерлерінің арасында «Рухани қазына» республикалық фестивалін ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Біздің биылғы жетістігіміз осы фестивальде Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі филиалы – Балықшылар музейі бөлімі «Үздік аудандық маңызы бар музей» аталымына ие болды. Қазақстан бойынша қатысқан 73 музейдің арасынан Балықшылар музейі экспозицияның қайталанбас шешімімен, инновациялық технологиялардың соңғы үлгілерімен ерекшелініп, суырылып алға шықты. Олар арнайы дипломмен және қаржылай сыйлықпен марапатталды, – дейді облыстық тарихи-өлкетану музейі директорының орынбасары Жаннат Ахметова.

Сонымен қатар қазақ ақыны Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жылдық мерейтойына орай Алматы облысындағы Ж.Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейі қорынан С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында «Жүз жырлаған жүрек» атты тарихи-танымдық көрмесі және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жергілікті колөнер және қыпқалам шеберлерінің

шығармашылығын насихаттап, қолдау мақсатында шеберлік сағаттар өткізілген.

Сыр бойының ежелгі тарихы мен бүгінгі жайлы баяндайтын музейде мәдениет, өнер, спорт, этнография, экономика, ауыл шаруашылығы салаларын және Ұлы Отан соғысы кезеңдерін қамтитын 11 экспозициялық зал жұмыс жасайды. Құнды жәдігерлерімізді орта есеппен жылына 20 мыңнан аса қала қонақтары мен тұрғындар тама-шалайды. Менде тарихтан қалған жәдігерлерге қызығып, олар туралы мәліметке қаныға түстім.

– Мұндағы 80 миллион жылдық тарихы бар тасқа айналған ағаш көпшіліктің қызығушылығын тудырады. Ең алғаш ағаш болған, қазіргі таңда тас күйінде тұр. Мұнда сонымен қатар археологиялық зерттеулердің нәтижесінде табылған түрлі бұйымдар, пайдаланылған құралдар орналасқан. Шиелі мекенінде Бала сауыскандық және Ата сауыскандық деген екі үлкен тау бар. Сол таулардың ортасынан осындай түрлі петроглифтерді аңғаруға болады. Ежелгі адамдардың тасқа қашап жазып кеткен жазулары, салып кеткен суреттері бар. Сақ әйелдерінің пайдаланған әшекей-бұйымдары таза алтын. Сонымен бірге түрлі ыдыс-аяқтар сақтаулы тұр. Қос сазды домбыра Бидайық Асардан табылған. Ең алғашқы домбыралардың бірі. Бекзат Жақыпов деген зергердің қолынан шыққан. Тағы бір жәдігеріміз – диірмен. Аралдың кепкен табанына зерттеу жүргізілген кезде Керлері – I және Керлері – 2 деген тұрақ тапқан. Бұл диірменді сол жактан тапқан. Диірменді малдың көмегімен ғана тартқан. Көз тартып қызықтырар мұралардың қатарында ұлы хандардың белдіктері, киім-үлгілері сақталған. Белдіктерге назар аударсақ қазіргі жігіттерді екі-үш орап алуға жетеді. Сол замандағы қыз-келіншектер тазалықтың белгісі деп – күміс бұйымдарды таққан. Шетелдік зерттеушілердің назарын аударып тұрған құнды жәдігерлеріміздің бірі – Жонгар дулығасы. Ерекше әліспен жасалған дулығаның жалпы пішіні төртке бөлініп, алдыңғы жағына айдаһар, артқы екі бөлігіне феиікс құсының бейнесі бедерленген. Мандайында өсімдік тәрізді диадемамен бедерленген тілшесі бар. Үш-төрт ғасырлық тарихты бойына жиған дулыға құнды жәдір болып, келушілердің қызығушылығын арттырып тұр. Мұражайдағы жәдігерлермен та-



нысуға келген шетелдіктер көбіне картамызға және қазакы үйге қызығады, – дейді экскурсовод Бакнұр Жолмырза.

Қазіргі таңда мұражай жаңа қарқынды даму жолына түскен.

– Мұражай ісі жаңа компьютерлік технологиялармен бірге дамуда. Мультимедиялық презентациялар, сенсорлы моноблוקтар осыған дәлел. Мысалы, әр зал LED телевизорлармен жабыдыталып, экспозицияны ашатын видеома-териалдар қосымша құрал ретінде халыққа ұсынылып отыр. Фойелерде орналастырылған сенсорлы моноблуктар музей әлеміне виртуал-ды енгуге, музей қорындағы зергерлік және этно-графиялық бұйымдар коллекциясын тамашалауға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта облыс му-зейлерінің қорларын бір орталықтандыру мақсатында қазіргі заманауи «АС –Музей» автоматтандырылған бағдарламасын ендіру жұ-мыстары жүргізіледі, – дейді облыстық тарихи-өлкетану музейі директорының орынбасары.

Адамзат баласы өзінің даму барысында көптеген тарихи-құнды дүниелерді жасап, кейінгі ұрпаққа мұра етіп келеді. Өркениетті елдердің даму тарихы сол елдің мұражайларының қорла-рында сақталып, қорғалып насихатталады. Қазақ елінің тарихы көнеден келе жатқан құнды жәдігерлерге толы. Бұл рухани құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, тәрбие, білім көздеріне айналып отыр. Мұражайдан бірнеше дәуірдің тарихын, этнографиясын, тарихи тұлғамең, өнерін, мәдениетін, салт-дәстүрімен танысып, білім көкжиегімізді кеңейттім. «Өткенді білмей, болашақты болжау мүмкін емес» деген. Халық ұшан кызмет көрсетіп, тарихты сақтап, оны болашақ ұрпаққа аманаттап отыру мәдени орының басты мақсатының бірі. Сан мың жылдық тарихты бір арнаға тоғыстырған ғимарат есігі келем деушілерге үнемі айқара ашмқ.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ
Суреттерді түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

